

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№17 (9335) || 1954 жылғы 22 январь Жұма || Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ ЖҰМЫСТЫҢ ӨРІСІ КЕН, ДӘРЕЖЕСІ ЖОҒАРЫ БОЛСЫН

Облысымыздың еңбекшілері бүкіл еліміздегі сыяқты осы жылы 14 мартта болатын ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына қызу әзірленуде. Алдағы сайлау Отанымызды онан әрі көркейтп, халық шаруашылығының барлық салаларын мықтап өркендету үшін, еңбекшілердің әл-ауқат және мәдени дәрежесін онан әрі арттыра беру үшін өрістеген бүкіл халықтық күрес үстінде өткелі отыр.

Бұл күндері совет адамдарының мақсаты бүкілхалықтық мереке — сайлау күніне партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында, ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларында, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында қойылған міндеттерді жүзеге асыруда, еңбекшілердің әл-ауқат және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыра беруде жаңа табыстарға ие болу болып отыр. Өйткені, еңбектегі жаңа табыстармен партия мен үкметке сүйіспеншіліктерін білдіру совет адамдарының дәстүріне айналды. Еңбекшілердің мұндай өндірістік және саяси белсенділіктерін үнемі қостай білу, партия, комсомол, кәсіподақ және совет ұйымдарының ардақты міндеті. Сайлау алдындағы бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлері міне, осы міндетті орындау жолына бағытталуы қажет.

Облысымыздың көптеген партия ұйымдары сайлауға әзірліктің алғашқы күндерінен бастап бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістете бастады. Мәселен, қаладағы ет-консерві комбинатының партия ұйымы үгітшілер құрамын даярлығы мол, саяси жұмысты ұйымдастыра алатын коммунистер мен комсомолдер және партияда жоқ активтер есебінен толықтырып, олардың сайлаушылардың қызмет істейтін орындары мен тұратын жерлеріне қарай жұмыс істеуін ұйымдастырып отыр. Үгітшілер цехтарда, мекемелерде, сайлаушылардың үйлерінде ССРО Конституциясы, Советтік сайлау системасы жөнінде екі-үш реттен әңгіме өткізді. Комбинаттың жанында үгіт пункті жұмыс істейді. Пунктке сайлаушылар көптен келіп, саяси тақырыптарда ұйымдастырылған әңгімелерді, баяндамаларды, лекцияларды тыңдап, көркемөнерпаздардың концерттерін көреді, өздерінің сұрақтары жөнінде түсінік алады.

Кезекке қойылып отыр. Мысалы, Совет ауданындағы «Новый быт» колхозының № 2 бригадасындағы сайлаушылар арасында ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөнінде бірде-бір рет әңгіме, немесе, дауыстап газет оқу ұйымдастырылған жоқ. Мұндай төзгісіз фактілерді әрбір ауданнан кездестіруге болады.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы — саяси зор науқан. Ол жұмыстағы жайбарақаттық пен сылдырлықты көтермейді. Партия ұйымдары сайлау алдындағы бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен ұйымдастырып, еңбекшілердің өндірістік белсенділіктерін онан әрі арттыра беруге тиіс.

Сайлау алдындағы саяси үгіттің арқауы — еңбекшілер бұқарасына партияның XIX съезінің, ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясының қарарларын, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын насихаттау, осы сыяқты, партия мен үкметіміздің өнеркәсіп және азық-түлік товарлары өндірісін ұлғайту, совет саудасын өрістету жөніндегі қарарларын насихаттау, ССРО Конституциясы мен Советтік сайлау системасының принциптерін кеңінен түсіндіру болып табылады.

Бұл үшін партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрлерін пайдаланулары керек. Өткен сайлаулар кезінде партия ұйымдары сайлау алдындағы саяси жұмысты ұйымдастыруда бай тәжірибелерге ие болды. Ол сайлауларда үгітшілердің әңгімелері мен саяси баяндамалардан басқа сайлаушылардың жыйналыстары, митингілер, көрнекі үгіт, баспасөз, кино көру, радио тыңдау сыяқты үгіт жұмысының көп түрлері пайдаланылды. Біздің міндетіміз алдағы сайлау әзірлігінде де саяси ықпал етудің барлық құралдарын, бұқаралық-саяси жұмыстың барлық түрін сайлауға әзірлік мақсатына бағындыру болып табылады.

Сайлау алдындағы саяси үгітті сайлаушылардың қызмет істейтін орындары мен тұратын жерлеріне қарай ұйымдастыру қажет. Мұнда колхоз орталығынан алыстағы мал фермалары мен бригадаларды, үй шаруасындағы әйелдерді, жас сайлаушылар мен қарт сайлаушыларды саяси үгітпен қамтуға ерекше назар аудару керек.

ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін Қазақ ССР-нің сайлау комиссиясының құрамын бекіту туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 39, 40, 41-статьяларына сәйкес, ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін Қазақ ССР-нің сайлау комиссиясы қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының төмендегі өкілдерінің құрамында бекітілсін:

Сайлау комиссиясының председателі **Сужинов Мухамедғали Әленұлы** — Қазақстан Коммунистік партия ұйымынан.

Сайлау комиссиясы председателінің орынбасары **Тихов Гавриил Адрианович** — Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми қызметкерлері мен астроботаника секторы қызметшілерінің коллективінен.

Сайлау комиссиясының секретары **Нұрышев Әмір** — Алматы қалалық Коммунистік партия ұйымынан.

САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ

Адаменно Галина Андреевна — Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу МТС-нің жұмысшылары мен қызметшілері коллективінен.

Ахмедсафин Уфа Меңдібайұлы — Қазақ ССР Ғылым академиясының геология ғылымы институтының қызметкерлері мен қызметшілері коллективінен.

Бейсенова Шәлипа — Алматы облысы, Алматы ауданы, Молотов атындағы колхоздың қолхозшыларынан.

Бейсенова Мәриябике Жамалетдинқызы — Мәдениет қызметкерлерінің республикалық кәсіподақ ұйымынан.

Әбуәкіров Мұстафа — Алматы гарнизонның әскери қызметшілерінен.

Ыбыраева Ажар Хәкімқызы — Қазақстан Коммунистік Лениндік Жастар Одағынан.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Д. КЕРІМБАЕВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 20 январь, 1954 жыл.

ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің сайлауын өткізетін №618 Петропавл сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының құрамын бекіту туралы

Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің облысымызда ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік қыза түсуде.

Партия ұйымдары сайлауға әзірлену және оны өткізу кезінде социалистік жарыстың қулаш жая өрістетілуін ұйымдастыруға, бұқараның саяси белсенділігін бастауға, еңбекшілерді жаңа табыстарға жету жолындағы күреске жұмылдыруға міндетті.

ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссияларының құрамын бекіту туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1954 жылғы 21 январьдағы Указы бойынша «ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 47, 48, 49-статьяларына сәйкес, ССРО Одағы Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиялары мына құрамда бекітілді:

№ 119 ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

Округтік сайлау комиссиясының председателі **Попов Михаил Васильевич** — Петропавл қалалық коммунистік партия ұйымынан.

Округтік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары **Миненик Всеволод Александрович** — Транспорт және ауыр машина жасау министрлігі зауытының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілері коллективінен.

Округтік сайлау комиссиясының секретары **Морозова Мария Прокопьевна** — Солтүстік Қазақстан облыстық коммунистік партия ұйымынан.

Округтік сайлау комиссиясының мүшелері:

Киселева Елизавета Никаноровна — Электр станциялары мен электр өнеркәсібі министрлігі зауытының кәсіподақ ұйымынан.

Мейірбеков Мұқаш Ниязбекулы — Полудень ауданындағы Тоқшын совхозының жұмысшылары, мамандары мен қызметшілері коллективінен.

Меньшикова Прасковья Даниловна — Солтүстік Қазақстан облысының медицина қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымынан.

Қарымсақов Нұраш — Петропавл қаласындағы Ленин атындағы орта мектептің оқытушылары мен қызметшілері коллективінен.

Сүйіндіков Болатбай — Булаев МТС-нің жұмысшылары, мамандары мен қызметшілері коллективінен.

Савина Тамара Андреевна — Петропавл

қаласындағы № 4 жетіжылдық мектептің оқытушылары мен қызметшілері коллективінен.

Қабдунасов Шәмшит — Петропавл ауданының коммунистік партия ұйымынан.

№ 120 ПЕТРОПАВЛ СЕЛДІЛІК САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

Округтік сайлау комиссиясының председателі **Митрофанов Иван Михайлович** — Солтүстік Қазақстан облыстық коммунистік партия ұйымынан.

Округтік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары **Тарғынса Бөпеш** — Петропавлдың ауылшаруашылық орта мектебінің оқытушылары мен оқушылары коллективінен.

Округтік сайлау комиссиясының секретары **Телки Евгений Федорович** — Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы және дайындау қызметкерлері кәсіподақ ұйымынан.

Округтік сайлау комиссиясының мүшелері:

Применко Евдокия Ниязифоровна — Петропавл қаласының финан-банк қызметкерлерінен.

Ыбыраев Рамзан — Петропавл ауданы, Калинин атындағы колхоздың қолхозшыларынан.

Сәрсенбаев Кәмәли Алпанұлы — Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпшілік кооперациясы қызметкерлерінен.

Сухомлинова Вера Павловна — Солтүстік Қазақстан облыстық ауылшаруашылық басқармасы қызметкерлерінің коллективінен.

Омаров Сағад — Совет МТС-нің жұмысшылары, мамандары мен қызметшілері коллективінен.

Мәжитов Әлімжан — Қонжар ауданындағы Қызыл Қазақстан жетіжылдық мектебінің оқытушылары мен қызметшілері коллективінен.

Қоңышев Көкен — Пришпін ауданының коммунистік партия ұйымынан.

Попова Мария Ивановна — Вильям атындағы МТС-тің ауыл шаруашылығы және дайындау қызметкерлері кәсіподағының жергілікті комитетінен.

Жаңа табыстарға жете береміз

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес, облыстық сайлау комиссиясының құрамын бекіту туралы.

